

Астана қаласында Түрік Республикасының Тұңғыш Президенті Мұстафа Кемал Ататүрікке ескерткіш орнату туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2007 жылғы 10 желтоқсандағы N 1202 Қаулысы

Қазақстан Республикасы мен Түрік Республикасы арасындағы достық қарым-қатынастарды одан әрі нығайту мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ** :

1. Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрлігінің Астана қаласында Түрік Республикасының Тұңғыш Президенті Мұстафа Кемал Ататүрікке ескерткіш (бұдан әрі - ескерткіш) орнату туралы ұсынысы қабылданын.

2. Астана қаласының әкімі заңнамада белгіленген тәртіппен:

- 1) ескерткіштің құрылысына жер учаскесін бөлуді жүргізсін;
- 2) осы қаулыдан туындайтын өзге де шараларды қабылдасын.

3. Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігі заңнамада белгіленген тәртіппен осы қаулыдан туындайтын шараларды қабылдасын.

4. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Премьер-Министрі